

Xiaomi Mi Electric Shaver S500 электр ұстарасы
Пайдаланушы нұсқаулығы

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

Ескертулер

1. Ұстараның корпусын ол зарядтау кәбілінен ажыратылғаннан кейін ғана жууға болады.
2. Аккумуляторын ауыстыру үшін корпусы бөлшектемеңіз.
3. Зарядтау кәбілін қосқанда немесе ажыратқанда әрқашан айырынан ұстаңыз. Ешқашан кәбілдің өзінен ұстап тартпаңыз.
4. Осы ұстараны ұзақ зарядтамаңыз, қараусыз қалдырмаңыз және 24 сағаттан артық уақыт зарядтамаңыз.
5. Осы ұстараның ішінде кіріктірілген аккумулятор бар және ешбір жағдайда оны оттың әсеріне ұшыратуға, жоғары температурада зарядтауға, пайдалануға немесе сақтауға болмайды.
6. Ұстараға бөгде заттарды салмаңыз және қыстырмаңыз.
7. Құрастырымына өзгерістер енгізбеңіз және ұстараны өзіңіз жөндемеңіз.

Сақтық шаралары

1. Егер зарядтау кәбілі зақымдалған болса немесе дұрыс жұмыс істемесе оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
2. Егер зарядтау кәбілі зақымдалған болса, оны өндірушіден немесе тиісті сервистік орталықтан сатып алынған түпнұсқа кәбілмен ауыстыру керек.
3. Ұстараны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
4. Зарядтау кезінде зарядтау ағытпасы құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
5. Зарядтау кезінде 5 вольттық зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.
6. Егер ұстара ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, оны кемінде алты айда бір реттолық зарядтап тұрыңыз.

Ескертпелер


1. Ұстара тек орынжайларда ғана пайдалануға арналған.
2. Бұл ұстара тек жеке пайдалануға ғана арналған.
3. Сапар шегу кезінде міндетті түрде қорғаныш қалпақшасын орнатып, ұстараны қорғауға арналған жолға бұғаттауын қосыңыз.
4. Осы ұстараны 5 °C бастап 35 °C дейінгі температурада зарядтау, пайдалану және сақтау керек.
5. Кәбілді зақымдап алмау үшін кәбілді ұстараны айналдыра орамаңыз.
6. Бұл ұстара тек беттегі түкке жарайды, оны басты немесе дененің басқа бөліктерін қыру үшін пайдаланбаған жөн.
7. Осы ұстара су өткізбеушілігі бойынша IPX7 стандарттарына сәйкес келеді, оны сумен жууға болады. Дегенмен, оны ұзақ уақытқа суға салып қоюға болмайды.
8. Ұстараны жуған кезде корпусындағы саңылаулар арқылы ішіне су кіруі мүмкін. Алайда бұл қауіпті емес, себебі барлық электрондық компоненттері ұстараның ішіндегі бөлек су өтпейтін бөлікке салынған. Тігінен тұрған күйінде судан тез арылады.
9. Осы ұстараны физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға (оның ішінде балаларға), сондай-ақ тиісті тәжірибесі және білімі жоқ тұлғаларға, егер олар қараусыз болса немесе қауіпсіздігі үшін жауапты адамның ұстараны пайдалануға қатысты нұсқаулығынан өтпесе, пайдалануға болмайды.

Құрылғының қолданылуы


Электр ұстарасы беттегі түкті қыруға арналған.

Бұйымның сипаттамасы

Қорғаныш қалпақша




Ұстара бәстиегі



Қосу/Сөндіру батырмасы



Корпус



Зарядтау деңгейі

- Жылдамдық
- Жолға бұғаттау
- Тазалау/Қате
- Ақпараттық

产品使用说明书	01
Mi Electric Shaver 5500 User Manual	02
Manuel de l'utilisateur Mi Electric Shaver 5500	12
Руководство по эксплуатации Электробритвы M 5500	23
Manuale utente Mi Electric Shaver 5500	34
Manuel d'utilisation de Mi Electric Shaver 5500	45
Mi Elektrikli Saç Bıçak 5500 Kullanıcı Kılavuzu	56
Mi Elektrisch Scheerapparaat 5500 Gebruiksaanwijzing	67
Гідманувальництво Mi 5500-4 (українська мова)	78
Manuel de l'utilisateur de l'électro-rasoir M 5500	89
Пользовательское Руководство M 5500	100
Mi 5500 5500 5500 5500 5500	111
2017	


Пайдаланушы нұсқаулығы




Тазалау шөткесі

说明	01
How to Use	03
Mode d'usage	05
Bedienungsanleitung	07
Manuale di utilizzo	09
Gebruiksaanwijzing	11
Versandung	13
Gebruik	15
Bedienungsanleitung	17
Como se Usa	19
Bedienungsanleitung	21
Ақпарат	23
2017	

Ақпарат карта



Зарядтау кәбілі



Зарядтау ағытпасы (құрғақ болсын)

Ескертпе: осы пайдаланушы нұсқаулығындағы өнімнің, жинақтауыштардың және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек қана анықтамалық мақсатта келтірілген. Өнімнің нақты сипаттамалары мен функциялары жетілдірілуіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Нұсқаулық

Егер ұстараны алғашқы бірнеше қолданудан кейін тері ептеп тітіркенетін болса, бұл қалыпты жағдай. Тері тезірек бейімделуі үшін ұстараны 3 апта бойы (аптасына кемінде 3 рет) үнемі пайдалану ұсынылады.

- Аспапты қосу / өшіру үшін түймені басыңыз. Ұстараны қосқаннан кейін аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы бір мезгілде аккумулятор заряды деңгейін көрсетіп тұрады, ал тазалау/қате, жолға бұғаттау және жылдамдық индикаторлары рет-ретімен қосылады және өшіріледі. Өшіргеннен кейін барлық индикаторлар сөнеді.
- Ұстара өшіп тұрған кезде, жылдамдық режимі (жылдамдық режимі қосулы) мен стандартты режим (жылдамдық режимі өшірулі) арасында ауысу үшін батырманы 1 секунд басып ұстап тұрыңыз.
- Бетіңізді қырғанда ұстараға ептеп басып, шеңбер бойынша қырыңыз. Таза қырыну үшін бір жерді қайта-қайта қырудың қажеті жоқ (оңтайлы нәтиже алу үшін теріні құрғатып қырыңыз).



Жолға бұғаттау

Осы ұстара, ол жол жүгі ішінде болған кезде кездейсоқ қосылып кетпеу үшін жолға бұғаттаумен жабдықталған.

- Жолға бұғаттауды қосу: ұстара өшіп тұрған кезде, жолға бұғаттауды қосу үшін батырманы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Қосылғаннан кейін жолға бұғаттау индикаторы 3 секундқа жанады да кейін сөнеді.
- Жолға бұғаттауды өшіру: егер жолға бұғаттауы қосулы тұрса, жолға бұғаттауы мен аккумулятор индикаторлары батырманы басқанда жыпылықтап тұрады. Жолға бұғаттауды өшіру үшін батырманы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Осыдан кейін жолға бұғаттауы мен аккумулятор заряды деңгейінің индикаторлары жыпылықтап, сөнеді, соңынан ұстара қосылады.



Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы


Ұстараны зарядтау үшін ұстараға және адаптерге (USB-A) зарядтау кәбілін (Тип-C) қосыңыз. Зарядтау кезінде аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы баяу жыпылықтайды, ал сан арта бастайды. Аккумулятор толық зарядталған кезде аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы 100% көрсетеді де жыпылықтауын тоқтады.

Пайдалану кезіндегі аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы	Индикатордың күйі
100%-5%	Қосу
<5%	Жыпылықтау
0%	Қосылмайды
Зарядтау кезіндегі аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы	Индикатордың күйі
0%-100%	Баяу жыпылықтау
100%	Қосу

Ескертпе: ұстара желіден жұмыс істеу технологиясын қолдайды.


Аккумулятордың заряды таусылған кезде, сіз ұстараны зарядталып жатқан кезде пайдалана аласыз.

Дегенмен, зарядталып жатқан ұстараны ешқашан душта немесе зарядтау ағытпасы ылғалды болған кезде қолданбаңыз.




Егер тазалау/қате индикаторы 5 секунд жыпылықтап тұрып, ұстараны қосқаннан кейін сөнетін болса, оңтайлы нәтижеге жету үшін оны тазалаңыз. Тазалау/қате индикаторы әр 30 минут пайдаланудан кейін автоматты түрде 5 секунд бойы жыпылықтайды, бұл пайдаланушыға ұстараны жиналған түктерден үнемі тазалап отыру қажеттілігін еске салады.


1. Тазалау алдында ұстара өшірулі екеніне және зарядталып жатпағанына көз жеткізіңіз.




2. Ұстара бастиегін кранның астында шайыңыз (жылы суды қолдаған жөн).




3. Ұстағыштан ұстара бастиегін шешіп алыңыз.




4. Жиналған түкті сумен шайыңыз немесе оны кетіру үшін тазалағыш щетканы қолданыңыз.



5. Ұстара бастиегінің ішін кранның астында жуу үшін оны аударыңыз. Жылы суды қолданған жөн және сүлгіні сүрту үшін сүлгіні немесе қағаз пайдалануға болмайды.



6. Ұстара бастиегінің ұстағышынан артық суды сүртіп алып, ұстара бастиегін орнына салыңыз.



Ескертпе: ұстараны тазалау кезінде зарядтау ағытпасын жабу үшін қорғаныш қалпақшаны пайдаланыңыз. Зарядтау көбілін қосу кезінде зарядтау ағытпасы құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.



Ұстараны кранның астында жууға болады. Зарядтау ағытпасы құрғақ болып қалу үшін ол тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе: ұстараның тиімді жұмыс істеуі үшін әр екі жыл сайын ұстара бастиегін ауыстырып отыру керек. Алмастыратын бастиекті сатып алу үшін www.mi.com сайтына кіріңіз.

Қоршаған ортаны қорғау

Ұстараның қызмет ету мерзімі аяқталғанда, кіріктірілген аккумуляторын шешіп алып, жергілікті заңнамаға немесе ол қолданылатын елдің немесе аймақтың ережелеріне сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Ескерту


Аккумулятордың жарылуына немесе уытты және қауіпті заттар шығарындыларына жол бермеу үшін осы ұстараны немесе оның аккумуляторын оттың әсеріне ұшыратпаңыз.

Аккумулятор тұтанбауы үшін және өрт туындамас үшін аккумулятордың қысқа тұйықталуына жол бермеңіз.

Аккумуляторды алып тастау

Ескертпе: аккумуляторды алып тастамас бұрын оның заряды толықтай таусылғанына көз жеткізіңіз.



1. Стандартты бұрағышпен төменгі және жоғарғы қақпақтарды ашып, ұстараның қосу/өшіру батырмасын шығарып алыңыз. Бөлшектеуден кейін бұл бөлшектер қайтадан орнатылмайды.



2. Айқас тәрізді бұрағышпен төмендегі бұрандаларды бұрап шешіп алып, ішкі бөлікті босатыңыз.



3. Айқас тәрізді бұрағышпен ішкі бөліктегі бұрандаларды бұрап шешіп алыңыз, осыдан кейін төмендегі ішкі бөлікті ашу үшін кәдімгі бұрағышты қолданыңыз. Аккумулятордағы түйіспе пластинаны ажыратыңыз, түйіспе пластина қысқа тұйықталмас үшін абай болыңыз. Аккумуляторын шешіп алып, тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.



Техникалық сипаттамалары

Атауы: Мі электр ұстарасы

Моделі: S500

Номиналды кернеуі: 3,7 В

Зарядтау ағытпасы: С типі

Номиналды қуаты: 3 Вт

Номиналды кірісі: 5 В 1 А

Қорғаныш класы: IPX7

Зарядтау уақыты: шамамен 90 мин

Ақауларды жою

Проблема	Ықтимал себептер	Шешімі
Сапасы нашар	Ұстара бастиегі зақымдалған немесе тозған	Ұстара бастиегін түпнұсқа бастиекке ауыстырыңыз
	Ұстара бастиегіне түк кептеліп қалған	Ұстара бастиегін мұқият жуыңыз
	Акумулятор зарядының деңгейі төмен	Зарядтау үшін зарядтау кәбілін қосыңыз
Батырманы басқаннан кейін ұстара жұмыс істемейді	Қосу/өшіру батырмасы жұмыс істемейді	Ұстараны жөндеу үшін сервистік орталыққа қайтарыңыз
Қате индикаторы жанып тұр немесе индикатор жанбайды	Жолға бұғаттауы қосулы	Өшіру үшін батырманы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз
Қырынудан кейін теріде тітіркену пайда болады	Акумулятордың заряды төмен, зарядтау қажет	Ұстараны зарядтаңыз
	Электр зақымдалған	Ұстараны жөндеу үшін сервистік орталыққа қайтарыңыз
	Ұстара бастиегі зақымдалған немесе тозған	Ұстара бастиегін түпнұсқа бастиекке ауыстырыңыз
Зарядталмайды	Теріңіз ұстараны қолдануға бейімделуі үшін белгілі бір уақыт қажет	Терінің тітіркенуі 2-3 апта қолданудан кейін жоғалады
	Ұстара зақымдалған	Ұстараны жөндеу үшін сервистік орталыққа қайтарыңыз
Толық зарядталған кейінгі пайдалану уақыты - кемінде 60 минут	Қоршаған ортаның температурасы зарядтау үшін тым төмен/жоғары	5 С ° бастап 35 С ° дейін температурада зарядтаңыз
	Егер ұзақ уақыт бойы ұстара бастиегі тазаланбаса, қозғалтқышқа түсетін жүктеме ұлғаяды	Ұстара бастиегін мұқият жуыңыз
Ұстараны қосқаннан кейін тазалау/қате индикаторы	Ұстара аккумуляторының қатесі	Ұстараны жөндеу үшін сервистік орталыққа қайтарыңыз
	Егер ұзақ уақыт бойы ұстара бастиегі тазаланбаса, қозғалтқышқа түсетін жүктеме ұлғаяды	Ұстара бастиегін мұқият жуыңыз
5 секунд жыпылықтайды	Ұстара бастиегі орнатылмаған	Ұстара бастиегін қайтадан орнатыңыз немесе сервистік орталыққа жүгінізіз

КЕПІЛДІКТІ ХАБАРЛАНДЫРУ

Xiaomi клиенті ретінде сіз белгілі бір жағдайларда қосымша кепілдіктерден артықшылықтар аласыз. Xiaomi компаниясы клиенттерге тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңнамаңыздың заңды кепілдіктерін толықтыратын, бірақ алмастырмайтын белгілі бір кепілдікті артықшылықтарды ұсынады. Құқықтық кепілдіктердің ұзақтығы мен шарттары тиісті жергілікті заңдарда келтірілген. Тұтынушылар үшін кепілдіктердің артықшылықтары туралы қосымша мәліметті Xiaomi ресми веб-сайтынан қараңыз: <https://www.mi.com/en/service/warranty/>. Сатудан кейінгі қызмет көрсету сатып алу елінде немесе аймағында жүзеге асырылады, заңмен тыйым салынған немесе Xiaomi компаниясымен көзделген өзге жағдайларды қоспағанда. Xiaomi компаниясы тұтынушыларға арналған кепілдік шарттарына сәйкес және заңнамамен көзделген жағдайларда өнімді жөндеуге, ауыстыруға немесе құнын өтеуге міндеттенеді. Кепілдік кәдімгі пайдаланудан болған тозу, форс-мажор, теріс пайдалану немесе салғырттық нәтижесінде немесе пайдаланушының кінәсінен болған жағдайларға қолданылмайды. Сатудан кейінгі қызмет көрсететін байланыс тұлғасы ретінде Xiaomi авторландырылған сервистік желісінің кез келген тұлғасы, Xiaomi авторландырылған дистрибьюторы немесе сізге өнімді сатқан сатушы бола алады. Егер сізде қандай да бір сұрақтар пайда болса, Xiaomi компаниясындағы тиісті тұлғаға жүгініңіз. Осы кепілдік Гонконг пен Тайвань елдеріне қолданылмайды. Осы кепілдік тиісті түрде импортталмаған, Xiaomi компаниясы жасамаған және/немесе Xiaomi компаниясынан не оның ресми өкілінен сатып алынбаған өнімдерге қолданылмайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сіз өнімді сатқан ресми дистрибьютордан кепілдіктер алуға құқылысыз. Сондықтан Xiaomi компаниясы сізге өнімді сатқан сатушыға жүгінуді ұсынады.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауға тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше күтіп ұстамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Өндіруші: Сукас (Шэньчжэнь) Тэкнолоджи Ко., Лтд.
1101, 1102, 1103, 1104, 401 және 402-бөлмелер, 2-ғим, Чунвэнь аймағы,
Наньшань айПарк, Люсянь даңғ. № 3370, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қ.,
Қытай.

Импортер / юрлицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа
ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

TM: MI.

Тауар Кедендік одақтың 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың
электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес
келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы
және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу
туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.
Дайындалған күні, сондай-ақ кепілдік пен пайдалану мерзімі қаптамасында
көрсетілген.